

“Балалар және театр” жобасы үйірме жұмысының 2022-2023 оқу

жылы бойынша қорытынды есебі

Қаракемер мектеп-балабақшасының «Балалар және театр» жобасын 2022-2023 жылға арналған іс-шара өткізілгенін хабарлаймын. Жылдың басында үйірме жұмысымен жоспарын таныстыру. Үйірмеге қатысушылардың тізімін жинақтаумен басталды. Театр үйірмесіне 35 оқушы жинақталып, өз жұмыстарын бөліп алды.

Оқушылармен жоспар таныстырылып, М.Әуезов 125 жылдығына арналған кеште өнер көрсетумен басталды. Оқушылар өз өнерлерін көрініс қою арқылы көрсетті.

«Қарттарын қадірлеген ел ардақты» -атты қарттармен кездесу өтті. Оқушылар онда театрланған қойылып көрсетіп, қарияларды күлдірді. Қазан айында ұстаздар күніне байланысты **«Ұстаз ұлы тұлға»** атты мерекелік тарту өткізілді. Қараша айынан бастап, «Елу жылда ел жаңа» атты жайдарман кеші өткізілді. Сонымен қатар қараша айында «Ертегілер елінде» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Оқушылар ертегі кейіпкерлерін салып, өз өнерлерін көрсетті. Желтоқсан айының шарасы бойынша, «Елімнің бақытын тербеткен-Тәуелсіздік» атты салтанатты жиын өтіп, оқушылар желтоқсан желі атты қойылым қойып, көрермендерді тандандырды. Айдың соңына қарай **«Театрдың ғажайып әлемі»** атты 1-4 сыныптар аралығында сурет байқауы өтті. Оқушылардың көңіл көтеру мақсатында сынып аралық **«Таланттарды іздейміз»** атты музыкалық байқау өткізілді. Сыныптар арасынан өнерлерін көрсеткен оқушыларды марапаттап, өз бағалары берілді. Ақпан айында **«Менің сүйікті ертегім»** атты шығарма сайысы өтті. Оқушылардың ой жүйріктіктерін анықтау мақсатында, 1-5 сыныптар аралығында өткізілді. Наурыз айында өткізілген шара бойынша «Наурыз жыл басы» мерекелік тарту өткізілді. Сонымен қатар наурыз айында **«Көрейікте күлейік»**-атты тамашаланған қойылым өткізілді.

Мамыр айында «Ұлы жеңістің шаттығы» атты сахналанған қойылым өтті. Соңында қорытынды салтанатты жиын өткізіліп, белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

Театр жетекшісі: Н.Нурекеш





